



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРМЕН ТАНЫСТЫ



**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысына сапары Қаратал ауданында жалғасты. Мемлекет басшысы Ескелді би ауылында биыл пайдалануға берілген мәдениет үйі мен спорт кешенінің ғимараттарын аралап көрді.**

Жергілікті бюджет есебінен бой көтерген 150 орындық мәдениет үйінде кітапхана, әжелер мен домбырашылар ансамбльдері, би үйірмесі секілді ұжымдар орналасқан.

Мемлекет басшысы ауыл кітапханасы мен танысты. Сондай-ақ өнерпаз балалармен жүздесіп, еліміздің лайықты азаматы болып өсуіне тілектестік білдірді.

Президент мәдениет үйіне музыкалық жабдықтармен суретші Ә.Баяндиннің картинасын тарту етті.

Биыл облыстың шалғай ауылдарындағы бес мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, сегіз клуб жаңадан салынған.

Сонымен қатар бұқаралық спортты дамыту мақсатында елді мекендерде 15 шағын спорт нысаны ашылды.

Соның бірі – Ескелді би ауылындағы спорт кешені. Ауыл тұрғындары мұнда тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы үйірмелеріне, бокс, күрес, волейбол,

баскетбол секцияларына қатысады. Президент ауыл балаларымен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан өскелең ұрпақтың алаңсыз білім алуына, спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасалатынын жеткізді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Кемел Тоқаев атындағы орта мектепке барды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа мектеп директоры Ләззат Испанова оқушылардың жетістіктері туралы айтып, жазушы мұражайымен таныстырды. 1997 жылы құрылған музейге қалагердің тұтыңған заттары, фотосуреттері, құжаттары мен кітаптары қойылған. Президентке жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған зияткерлік ойын және повестерінің желісі бойынша шағын қойылым көрсетілді.

Мемлекет басшысына «Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қоры» атқарған жұмыстар жөнінде баяндалды. Биыл Қордың құрылғанына 15 жыл толып отыр.

akorda.kz

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ 10 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛІП, 76 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



**Жетісу облысында Тәуелсіздік күніне орай халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы 76 отбасы жаңа баспаналарының кілтін ие болды. Сол сияқты медициналық және ветеринариялық пункттер, дәрігерлік амбулаториялар, мәдениет үйі, ауылдық клуб және спорт кешені, жалпы алғанда 10 жаңа әлеуметтік нысан іске қосылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Атап айтқанда, Көксу, Ескелді, Панфилов аудандарында кезекте тұрған азаматтарға үй беріліп, өңірдегі 76 отбасы жаңа қоныс қуанышына кенелді. Оның 50-і Панфилов қаласының Жаркент қаласында, 16-сы Көксу ауылының Бозтоған және Мұқыры ауылдарында, 10-ы Ескелді ауданының Бақтыбай ауылында тұрғын үйге қол жеткізді.

Қуанышымызды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Өз үйіміз болса деген бірнеше жылдан бергі арманымыз орындалды. Бүгін үлкен отбасымыз кең, жайлы, жаңа үй алды. Мемлекеттің қолдауы мен қамқорлығының арқасында Тәуелсіздік күнін, алдағы Жаңа жылды енді өз үйімізде атап өтеміз, - деді Жаркент қаласының тұрғыны, көп балалы ана Шынар Азатбекова.

Отбасымен бірге мерекелік қоныстой қуанышына жеткен Ескелді ауданының тұрғыны:

- Тұрғын үйге кезекте тұрғанымызға біраз жыл болды. Шаңырағымызда төрт бала бар,

міне, баспанамыздың кілтін алдық, үйдің ішін аралап көрдік, жақын жандарымыз құттықтап келіп жатыр. Еліміздің айтулы күні қарсаңында қоныс тойға жеткенімізге қуаныштымыз, - деді мұқырылық Сәулеш Жауынбаева.

Сонымен қатар мереке қарсаңында Ескелді ауданында бірден 3 жаңа нысан іске қосылды. Аудан орталығы Қарабұлақ ауылында мәдениет үйі, Ақын Сара ауылында 120 орындық жаңа блокты-модульді ауылдық клуб пен өкімдік ғимараты пайдалануға берілді.

Осы күні облыстың бірқатар ауылдарында жаңа медициналық мекемелер есігін ашты. Мәселен, Көксу ауданының 140 тұрғыны бар ПЧ-45 станциясында жаңа блок-модульді медициналық пункт қолданысқа енгізілді.

Мұндай заманауи медициналық пункттің ауылымызда ашылғанына қуаныштымыз. Адам болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды. Сондай кезде ешқайда бармай-ақ енді осында қараламыз. Бұл жаңа нысан тұрғындардың денсаулығын жақсартуға ықпал етеді деп сенеміз, - деді медицина саласының ардагері, ПЧ-45 станциясының тұрғыны Айша Сәрсенбаева.

Сондай-ақ Панфилов ауданының Шешін, Керімағаш және Қызылжиде ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункт пен екі медпункт салынды. Оған қоса, Үшарал ауылында 50 орындық спорт кешені пайдалануға берілді. Онда күрес, бокс, бұқаралық спорт түрлері бойынша секциялар ашылды. Сонымен қатар ауданда алғаш рет инвестор есебінен салынған «Орбұлақ» халықаралық автовокзалы жұмысын бастады. Вокзал автопаркінде 31 автобус бар, 67 адам жұмыспен қамтылды.

Фотографтар: Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## ПРЕЗИДЕНТ ҚАРАТАЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ БӨЛІМІНЕ БАРДЫ

**Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Қаратал ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ғимаратын аралап көрді. 1983 жылдан бері қолданыстағы нысан биыл күрделі жөндеуден өтіп, қазан айында аталған мекемеге берілген.**

Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысына Smart-әскери комиссариат жобасы туралы баяндады. Жаңа бастамаға сәйкес азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынады.

Министрдің айтуынша, жыл сайын 17 жастағы 160 мыңнан аса жасөспірім автоматты түрде әскери есепке тұрғызылады. Сондай-ақ министрлік жұмылдыру ресурстарының ақпараттық жүйесін құрған. Цифрлық трансформация Қазақстандағы 16 мен 60 жас аралығындағы барлық ер азаматты қамтиды. Бұл жұмыс қағаз нұсқада жүргізілген кезде есепте 2,5 миллион азамат болған. Ал цифрлық

форматқа көшкеннен кейін олардың саны 6,8 миллионға жеткен.

Бұдан бөлек, IT саласы бойынша білімі бар сарбаздар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес Armia.kz ақпараттық қызметін жасап шыққан. Аталған жоба тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында жасанды интеллект арқылы әзірленген. Ата-аналармен кері байланысқа ыңғайлы бұл қызметтің мобильді нұсқасы да бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскерге шақырылған азаматтармен әңгімелесіп, оларға Отан



алдындағы борышын өтеуде сәттілік тіледі.

Елге қызмет ету – азаматтық борыш. Бұл – өте маңызды жұмыс, қасиетті парыз. Үлкен әскери мансаптарға жетіп, генерал атаныңыздар. Азаматтық міндетті абыроймен атқарыңыздар. Антқа адал болыңыздар! – деді Мемлекет басшысы.

akorda.kz

**Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Гвинея-Бисау Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.**

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Умару Сисоку Эмбалоньың Қазақстанға ресми сапары алыс жатқан елдерді байланыстырып, халықтарымыздың тілегі мен ниеті бір екенін көрсетеді.

Екіжақты кездесудің нәтижесінде тиімді уағдаластықтарға қол жеткіздік. Бұл сапар саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалануға екі ел де мүдделі. Осы ретте Батыс Африкадағы Бисау порты мен Транскаспий көлік дәлізін ұштастыру жолдарын зерделеуге келістік. Әлемдегі геосаяси ахуал мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі ушығып тұрған қазіргі кезде мұның мән-маңызы айрықша, - деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН УМАРУ СИСОКУ ЭМБАЛО БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

серіктестік келіссөздердегі басты тақырыптың бірі болғанын айтты. Тараптар Қазақстанның Гвинея-Бисауға дөңді дақылды экспорттауға қатысты мүмкіндігі мол екеніне назар аударған.

Бұл ретте еліміздің бастамасымен құрылған Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының әлеуетін толық пайдалануға болады. Сонымен қатар тау-кен және табиғи ресурстарды игеру ісіндегі ынтымақтастық мәселесін талқылады. Атап айтқанда, темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау және игеру үшін бірлесу жұмыс істеуге зор мүмкіндік бар, - деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің цифрлан-



дыру, киберқауіпсіздік және финтех бағытындағы жетістіктеріне тоқталып, цифрлық қызмет саласындағы ықпалдастықты арттыруды ұсынғанын жеткізді. Сонымен қатар Гвинея-Бисау делегациясын келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына шақырғанын айтты.

Бұл Қазақстанның

экономикалық және инвестициялық әлеуетімен толық танысуға мүмкіндік береді. Азаматтарымыз бір-бірін жақын танып, білуі үшін мәдениет-гуманитарлық байланыстың маңызы зор. Осы ретте мен Гвинея-Бисау жастарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуы ұсындым. Бұл қадамдар екі ел арасында жан-жақты ынтымақтастықты жандандыруға ықпал етері сөзсіз, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тараптар халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмасып, ой бөліскен. Қазақстан Президенті қос мемлекеттің көптеген өзекті тақырыптар бойынша ұстанымдары ұқсас екенін мәлімдеді.

akorda.kz

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



**Құрметті отандастар!**  
**Сіздерді Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!**  
Бұл – халқымыздың азаттық туралы арманы ақиқатқа айналып, елдік дәстүрлеріміз жаңғырған

күн. Осы мерейлі мерекеде бәріміз бабалар аманатына әрдайым адал болудың және ұлт болашағына зор жауапкершілікпен қараудың мән-маңызын терең түсінеміз. Себебі тәу етер Тәуелсіздігіміз – баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық.

Тәуелсіздігімізден биік еш нәрсе жоқ. Оны көздің қарашығындай қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы.

Бүгінде Қазақстан халықаралық деңгейдегі абырой-беделі жоғары, стратегиялық бағдары айқын мемлекет ретінде болашаққа нық сеніммен қадам басып келеді. Халқымыз бұған еселі еңбек пен ырысты ынтымақтың арқасында қол жеткізді. Біз осы берекелі бірлігімізді, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтай отырып, қиындықтың бәрінен сүрінбей өтеміз. Тәуелсіз еліміз өркеніетті, озық мемлекет ретінде дами береді.

Баршаңызға зор денсаулық, мол табыс тілеймін!

Қастерлі Отанымыз өсіп-өркендей берсін!

akorda.kz

## 2024 ЖЫЛЫ ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ ТҮБІНДЕ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА 58,3 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ



**2024 жылы Энергетика министрлігінің «Жылу-электр энергетикасын дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен 14 жобаны іске асыру үшін 58,3 млрд теңге бөлінді.**

Оның ішінде жылумен қамтамасыз ету бойынша алты жоба, электрмен жабдықтау бойынша сегіз жоба бар. Жобалардың бірі қазірдің өзінде іжумас істеп тұр, атап айтсақ, Орал қаласының «Ақжайық» ЕТЖҚ ауданында 110/10 кВ қосалқы станса пайдалануға берілді.

Сонымен қатар қайтарымды инвестициялардың жылдық лимиті 32 млрд теңгеден 428 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар үшін негізгі жабдықты жаңғырту, кеңейту және реконструкциялау жөніндегі жобалар пулын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта жалпы қуаты 2,8 ГВт болатын 22 инвестициялық келісім бар, оның ішінде лимит ұлғайғаннан кейін жалпы қуаты 1,36 ГВт болатын 13 келісім жасалды.

2023 жылғы қарашада «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобасы сәтті іске асырылды, оның шеңберінде «Батыс Қазақстан энергия торабы – Атырау – Маңғыстау» бағыты бойынша ұзындығы 780 км болатын 220 кВ электр беру желісі (ЭБЖ) салынды. Бұл қадам электр қуатының өткізу мүмкіндігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

Келесі қадам ретінде 2028 жылдың соңына дейін Батыс аймақтың электр желілерін Бірыңғай электр энергетикалық жүйеміз біріктіру жобасы іске асырылатын болады, ол үшін Ақтөбе және Атырау облыстарын жалғайтын ұзындығы 604 км болатын 500 кВ ЭБЖ салынады. Бұл Солтүстік және Оңтүстік аймақтардың электр энергиясы мен қуатының теңгерімсіздігін өтеу үшін Батыс аймақтың маневрлі газ энергия көздерін пайдалануды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта жобалау-металық құжаттама әзірленуде, құрылыс-монтаждау жұмыстарына 2025 жылы кіреседі.

Оңтүстік өңірлердің тұтынушыларын энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру және Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерінің жұмыс режимдерімен байланысты апаттық бұзушылықтардың туындау тәуекелдерін азайту Оңтүстік аймақтың (Шу–Жамбыл–Шымкент) электр желілерін күшейтуді талап етеді. Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ аталған жобаны іске асыруды бастады, оның 1-кезеңі 2027 жылы аяқталады, оның шеңберінде Шу–Жамбыл–Шымкент бағыты бойынша ұзындығы 475 км 500 кВ ЭЖ салынады. Қазіргі уақытта ЖСҚ әзірлеу жүріп жатыр.

Еліміздің солтүстік және оңтүстік өңірлері арасындағы байланысты одан әрі күшейту, сондай-ақ транзиттік әлеуетті арттыру үшін кернеуі +/-500 кВ «Солтүстік-Оңтүстік» тұрақты ток желілерін салу жоспарлануда.

Қазақстанның бүкіл Біртұтас электр энергетикалық жүйесін айналып өтуге мүмкіндік беретін еліміздің батыс және оңтүстік аймағын жалғайтын тұрақты ток желісін салудың орындылығын зерделеу жүргізілуде.

Бұл жобаларды іске асыру тұрақты әрі сенімді электрмен жабдықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұзақ мерзімді энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді.

@KZgovernment

# БЕЙБІТ ИСАБАЕВ БІРҚАТАР САЛА МАМАНДАРЫНА МАРАПАТ ТАПСЫРДЫ



**Облыс әкімі Бейбіт Исабаев желтоқсанның жексенбісінде өтілетін энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай сала мамандарына және Тәуелсіздік күніне байланысты бірқатар ұстаздарға марапаттар тапсырды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Облыс әкімдігінде энергетика мамандарымен өткен жиында Бейбіт Исабаев өңірдің жылды жақсы көрсеткіштермен қорытындылап отырғанын, онда барлық сала қызметкерлерінің үлесі бар екенін атап өтті.


- Энергетика - елдің дамуы мен өркендеуінің негізі. Экономиканың қай саласын да, тіпті халықтың күнделікті тұрмысынуы өзін жылу мен электрсіз елестету мүмкін емес. Осы орайда сала мамандарына облыс тұрғындарының атынан ризашылығымды білдіремін. Алдағы уақытта да маңызды міндеттерді сіздермен бірге нәтижелі орындаймыз деп сенемін, - деген облыс басшысы сала үздіктеріне мемлекеттік марапаттар тапсырды.

Атап айтқанда, еліміздің энергетика саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Темірбетон» ЖШС технологиялық жабдықтаушы слесарь-жөндеушісі Манарбек Мұртазин III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін иеленсе, «ТАТЭК» АҚ техникалық директоры Дәулет Илипбаевқа, «Талдықорғанжылусервис» КМК бас инженері Ақылбай Тәжиевке, «Текелі энергокешені» ЖШС қазандық турбиналық цехының бастығы Владимир Коржға «Ерен еңбегі үшін» медалі берілді.

Осы күні Бейбіт Исабаев облыста балаларға сапалы білім беру жолында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар ұстаздармен кездесіп, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі қызметіне ризашылығын білдіріп, марапаттау рәсімін атқарды. Бұл ретте елдің әлеуметтік-мәдени және қоғамдық дамуына қосқан үлесі үшін Талдықорған қаласы Ынтымақ ауылындағы № 30 орта мектептің директоры Сәуле Сүденоваға «Құрмет» ордені, Қаратал ауданындағы орта мектептің мұғалімдері Светлана Гончарова мен Нұрзия Рахметоваға «Шапағат» медалі, сол сияқты олардың әріптестері Бәтін Даниярова мен Алмагүл Малдыбековаға және Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридоноваға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты табысталды.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев  
Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАННАН БЕРІ 43 ЖАҢА ӨНДІРІС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



**Жетісу облысы құрылғаннан бері 43 жаңа өндіріс іске қосылып, жұмыс істеп тұрған 9 өндіріс кеңейтілді. Соның нәтижесінде бір мыңнан астам адам жаңа жұмыспен қамтылды. Бұл жайында бүгін Астанада өткен брифинг кезінде Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

**Мемлекет басшысының Жолдауында атап көрсетілгендей, біз еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдауымыз қажет. Бұл ретте қазір облыста цемент, аккумулятор батареялары, керамика плиткаларын шығару жолға қойылып, құрама жем, күн панельдерінің өндірісі дамуда. Жалпы өңірде 549 өнеркәсіп орны тіркелген, онда 30 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Оған қоса Жетісуда баламалы энергетиканы дамытудың зор әлеуеті бар, - деді Б. Исабаев.**

Жалпы, облыстың 2030 жылға дейінгі инвестициялық портфелінде 2,6 трлн. теңгеге 189 жоба бар, онда он бір мыңнан астам жұмыс орнын құру көзделген, оның ішінде 121 жоба іске асыру сатысында.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Облыс басшысының мәліметінше, күнбағыс майын өңдейтін, кейінгі кезде тоқтап тұрған «Агрокомплекс Жетісу Мажико» зауыты жұмысын қайта бастады, оның жылдық қуаты - 500 тонна. Талдықорғанда өнеркәсіп аккумуляторларын өндіретін «Asma Industrial» зауыты жұмыс іске қосылды. Сол сияқты тау-кен секторын дамыту аясында құны 1,3 трлн. теңге болатын, 2 мыңнан астам жұмыс орнын құратын, қуаттылығы жылына 860 мың тонналық мыс концентратын құрайтын метал-



ZHENIS\_ISKABAY

## «ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ МЕТОДОВ РАБОТЫ: ЦИФРОВОЙ АУДИТ»



**Государственный аудит - это один из важнейших инструментов, который позволяет обеспечить прозрачность и эффективность использования бюджетных средств.**

Одним из основополагающих принципов контрольной работы Департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу является риск-ориентированный подход в использовании бюджетных средств, то есть выявление риска нецелевого использования бюджетных средств и принятия соответствующих мер по снижению данного риска.

На сегодняшний день завершена очередная этап внедрения дистанционных методов контроля. По всем территориальным органам начата работа в новой системе «Онлайн бюджетного мониторинга», которая направлена на повышение прозрачности управления средствами и оперативное выявление возможных нарушений в режиме реального времени.

В частности контроль за использованием бюджетных средств направленными на выплату заработной платы в сфере образования.

В настоящее время, результаты «Онлайн бюджетного мониторинга» показали высокие риски в области расходной части бюджета в виде излишнего перечисления бюджетных средств на карт счета физических лиц под предлогом выплаты заработной платы.

В случае выявления нарушений в использовании бюджетных средств, Департаментом будет направлено письмо реагирования на объект, которое должно быть исполнено в течении десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его сдачи (получения).

Комитетом внутреннего государственного аудита будет продолжена работа по цифровизации аудита и расширение взаимодействия с ключевыми участниками процесса и совершенствования инструментов контроля. Что в свою очередь приведет к обеспечению эффективного и целевого использования государственных средств.

Куаныш Сағымбаев,  
заместитель руководителя Департамента  
внутреннего государственного аудита  
по области Жетісу

## БИЫЛ ЖЕТІСУДА 2708 ПӘТЕР САЛЫНДЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНДЫ



Жетісу облысында биыл тұрғын үй құрылысына 7,6 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаржы 56 көп қабатты мен 214 жеке тұрғын үй салуға бағытталды. Бұдан бөлек, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 866 пәтер сатып алынды, оған 15,9 млрд. теңге көзделген. Бұл жөнінде бүгін Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

назар аударылатынын атап өтті. Оның айтуынша, 2023 жылдың басында облыста 348 пәтер апатты деп танылып, өткен жылы 1,3 млрд. теңгеге 137 пәтер сатып алынған. Ал биыл жергілікті бюджеттен бөлінген 2,4 млрд. теңгеге 155 жаңа пәтер, атап айтқанда, Кербұлақ ауданында, Текелі және Талдықорған қалаларында сатып алынды. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ демеушілерінің есебінен 560 пәтерлік 9 үй салында.

- Жалпы биыл 2 708 пәтер салынды және сатып алынды, оның 1113 пәтерлік 129 үйі бюджет есебінен, 469 пәтерлік 9 үйі - коммерциялық тұрғын үй, 866 пәтер тұрғын үй сатып алу арқылы, 260 пәтерлік 4 үй демеушілер есебінен, - деді Б. Исабаев.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН СУМЕН ҚАМТУ ДЕНГЕЙІ 91,3 % ЖЕТТІ

Биыл Жетісу облысында орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі 91,3% жетті, бұл халық санына шаққанда - 99,7%. Бұл туралы бүгін Астанада Орталық коммуникациялар алаңында өткен брифинг барысында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Атап өтсек, 2025 жылға 13 жобаны іске асыру үшін 4,3 млрд. теңге бөлінді. 2025 жылдың қорытындысында орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету деңгейі 92,5% жетеді немесе 331 елді мекен қамтылады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ В ЭТОМ ГОДУ УРОВЕНЬ ГАЗИФИКАЦИИ ДОСТИГ 56,5%



В области Жетісу из 192 населенных пунктов, подлежащих газификации, в настоящее время газифицировано 63, в том числе из них с начала года доступ к газу получили 30 населенных пунктов. Благодаря чему уровень газификации достиг 56,5%, доступ к голубому топливу получили 394,9 тыс. жителей. Об этом стало известно в ходе брифинга акима области Бейбита Исабаева, состоявшегося сегодня на площадке СЦК при Президенте РК, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

По словам главы региона, в следующем году продолжится строительство 21 объекта и начнется строительство еще 42. Так, к концу 2025 года газифицируются все 126 населенных пунктов

от Кербулакского района до Талдықорғана. В результате доступ к газу получат свыше 500 тыс. жителей или 71,4% всего населения.

Как было отмечено, 19 августа было начато строительство магистрального газопровода «Талдықорған-Ушарал». Ожидается, что проект будет завершен в следующем году. Параллельно начата разработка проекта газораспределительных сетей для 66 населенных пунктов Аксуского, Сарканского, Алакольского районов.

- К 2029 году планируется газифицировать все 192 населенных пункта области и обеспечить доступ к газу для более 642 тысяч жителей или 91,9% от общей численности населения, - резюмировал аким области Жетісу Бейбит Исабаев.

Фотографы: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Пресс-служба акима области Жетісу

## ЖЕТІСУҒА БИЫЛ 2 МИЛЛИОННАН АСТАМ ТУРИСТ КЕЛДІ

Жетісу облысында туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында атқарылған белсенді жұмыстар туристер санының өсуіне ықпал еткен. Соның нәтижесінде биыл өңірге 2,0 миллионнан астам турист келді. Бұл жайында бүгін Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг кезінде Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Өздеріңізге белгілі, жер жәннаты Жетісуда көптеген туристік орындар бар. Солардың ішінде Алакөл өңірдің інжу-маржаны саналады. Сондықтан көл жағалауындағы инженерлік инфрақұрылымды дамытуды қолға алдық. Көріз тазарту жүйесінің, «Бескөл-Ақши» электр желілерінің құрылысы басталды. Бүгінде Ушарал қаласы әуежайының ұшу-қону жолағы, «Талдықорған-Ушарал» автожолы қайта жаңартылып, «Тальго» жүрдек пойызы іске қосылды. Жыл сайын туристер санының артуына байланысты Ушарал әуежайының

өткізу қабілетін сағатына 50-ден 125 жолаушыға дейін ұлғайту үшін қосымша терминнал салудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде, - деді облыс басшысы.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысының туристік әлеуетін көтеретін екінші бағыт - Балқаш көлі. Балқашқа дейінгі 132 шақырым жолдың 122 шақырымында құрылыс аяқталды, қалған 10 шақырымы 2025 жылғы туристік маусымға дейін толық пайдалануға беріледі. Сонымен қатар көл жағалауына инженерлік инфрақұрылым тартылуда, бұл мақсатқа 2024 жылға республикалық бюджеттен 2,2 млрд. теңге бөлінді. Келесі жылдың соңында жобаны аяқтау жоспарлануда.

Сол сияқты Бейбіт Исабаев өз сөзінде экологиялық туризмді дамыту



жайына да тоқталды. Атап айтқанда шағын-биатлон кешенін салудың жобалық құжаттамасы әзірленген. Бұрханбұлақ сарқырамасына дейінгі жолды жөндеуге келесі жылға республикалық бюджеттен 3,3 млрд. теңге қарастырылды. Сарқан ауданында Жасылкөлге дейінгі жолдың жөндеу жұмыстары биыл толық аяқталып, Тополевка ауылында жаңа визит-орталық ашылды.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ҚОРҒАС ЖЕЛІСІ МЕН «ДОСТЫҚ» СТАНЦИЯСЫ - ЖЕТІСУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ НҮКТЕЛЕРІ

Бүгінгі күнге дейін «Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында және «Қорғас» ШЫХО-да құны 63,3 млрд. теңге болатын, екі мың жұмыс орны бар 27 жоба іске асырылды. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен брифинг барысында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Облыстағы экономикалық өсу, ер инвестиция тарту нүктелері - Қорғас желісі мен «Достық» станциясы. Қытаймен шекаралас бұл аймақтардың көлік-логистикалық әлеуеті зор. Осы орайда инвестиция тарту, жүк легі мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту бағытында тұрақты жұмыстар жүргізіліп келеді, - деді Б. Исабаев.

2027 жылдың соңына дейін 1,1 трлн-ға 79 жобаны іске асыру жо-

спарлануда, оларда 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылады, соның ішінде «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-да жүк және жолаушылар әуежайын салу бойынша Қазақстан-Германия бірлескен жобасы іске асырылуда.

Өңір басшысының айтуынша, «Достық» станциясында қуаттылығы жылына 350 мың контейнер болатын «Dostyk Trans Terminal» көпфункционалды жүк тасымалдау терминалының 3-ші және 4-ші кезеңінің құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ «Евротранс Групп» ЖШС-ның қолданыстағы логистикалық жүк тасымалдау терминалы ауданы 40 гектар және құны 50 млн. АҚШ доллары болатын уақытша сақтау қоймасын салуға дайындық жұмыстарын атқарылып жатыр. Кеден саласын одан әрі дамыту үшін осы жылдың қаңтар айында станцияда тәулігіне 200 автомобиль өткізуге қабілетті «Dostyk Customs Service»

уақытша сақтау жаңа терминалы ашылды.

«Ушарал-Достық» жолын реконструкциялаудың аяқталуына байланысты халықаралық жүк айналымының легі ұлғайды және кеден пункттерін кеңейту қажеттілігі туындады. Мәселен, «Алакөл» автомобиль өткізу пунктінің қозғалыс жолағын 2-ден 6-ға дейін кеңейту жұмыстары аяқталуда, соның арқасында көлік құралдарын өткізу қабілеті тәулігіне 200-ден 1600-ге дейін артады, - деді облыс әкімі.

Бұдан бөлек, «Достық-Мойынты» темір жолының құрылысы жүргізілуде. Жоба «Достық» станциясының өткізу қабілетін 5 есеге, яғни 12-ден 60 пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЖЕТІСУДА ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ САНЫ 2,5 МЛН. БАСҚА ЖЕТТІ

Жетісуда төрт түліктің саны 2,5 млн. басқа жетті. Сол сияқты ет пен сүт өндірісі артты. Бұл туралы бүгін Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың қатысуымен өткен брифинг барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшының айтуынша, 2024-2026 жылдары жалпы құны 33,2 млрд. теңге болатын 31 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған, соның 13-і осы жылы іске қосылды. Атап айтқанда, олар - 4 тауарлы сүт ферма-

сы, 1 бордақылау алаңы, 1 сүт цехы, 7 суару жобасы.

- Облыста жаңа суармалы жерлерді көбейту үшін ирригациялық желілерді қайта жаңарту мақсатында биыл 35,6 млрд. теңгеге су шаруашылығының 11 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның


4-уі аяқталды, қалған объектілер 2025 жылы пайдалануға берілетін болады. Нәтижесінде 5,3 мың гектар суармалы жер қосылып, 37,1 мың га жерді сумен қамтамасыз ету жақсарды, - деді баяндамасында Бейбіт Исабаев.



Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУҒА 35 МЛРД. ТЕҢГЕ БАҒЫТТАЛДЫ



Жетісу облысы - аграрлы аймақ болғандықтан, бірінші кезекте ауыл шаруашылығын дамыту мен өңдеу саласына айрықша назар аударылуда. Биылғы жылы облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 35 млрд. теңге бағытталды, оның 23,3 млрд. теңгесі немесе 66,6% - субси-

диялар. Бұл туралы бүгін Орталық коммуникациялар орталығы алаңында өткен брифинг барысында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір басшысының айтуынша, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары 510 мың га құрады. 872 мың тонна дәнді дақылдар, 195 мың тонна майлы дақылдар, 266 мың тонна көкөніс-бақша дақылдары, 132 мың тонна картоп өндірілді.

- Өздеріңізге мәлім, қант саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ақсу қант зауыты толық жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Облыстың 5 ауданында 8 жаңа сервистік-дайыншау орталығы құрылып, 30 шаруа қожалығына құны 2,5 млрд. теңгеге қант қызылшасы өндірісіне қажетті 62 бірлік техника сатып алынды. Биыл қант қызылшасының егіс алқабы 1,7 есеге ұлғайып, 13,7 мың гектарға жеткізілді, одан рекордтық өнім - 635 мың тонна тәтті түбір жиналды, - деді Б. Исабаев.

Белгілі болғандай, нәтижесінде екі қант зауытында 94 мың тонна қант өндіру жоспарланып отыр, оның ішінде қант қызылшасынан 64 мың тонна, қамыс құрағынан 30 мың тонна қант шығарады.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ



Мәслихат — тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді орган. Ол сол аймақ халқының қалауын, ықтиярын білдіреді және жалпы мемлекеттік мүддені ескере отырып, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру шараларын белгілейді әрі атқарылу барысын бақылайды.

Биыл Мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толып отыр. Отыз жыл – тарих үшін қас қағым сәт болғанымен, бүкіл республика үшін маңызды кезең. Осы жылдар ішінде халық қалаулылары елмен бірге өркендеу мен дағдарыс кезеңдерін бастан өткізіп, демократияны нығайтуда, аймақтық экономиканы дамытуда және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. 1994 жылдан бастап депутаттардан құралған мәслихаттар атқарушы билікпен бірлесе қоғам өмірінде елеулі деген өзекті мәселелерді шешуге бағытталған көптеген бас-тама көтеріп, оның орындалуына ықпал етті десек, бір мақсат үшін үндескен жергілікті мәслихаттар киелі Ескелді ауданының әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Мәслихаттардың негізгі өкілеттілігі – жергілікті мәселелерді шешу, Конституцияны негізге ала отырып, жергілікті халықтың еркі мен мүддесін білдіру. Олар халық пен билік арасындағы көпір іспетті. Сондықтан мәслихат депутаты адамдардың сенімі мен үмітін арқалап, мәселені көтеру, шешу жолын қарастыра білуі керек. Ең алдымен азаматтарды, депутаттарды жеке қабылдаудың тұрақты кестесін құрып, бұл – жұртшылықпен тікелей байланыс орнатып, маңызды мәселелерді депутаттардың бақылауына алуға мүмкіндік берді. Біздің шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттары ауланы абаттандыру, халыққа жүйелі қызмет көрсету, автомобиль жолдарын қалыпта келтіру сияқты бірқатар өзекті мәселелерді шешуге атсалысатын белгілі азаматтар.

Өздеріңізге белгілі биыл ел мәслихаттарына 30 жыл толып отыр. Мәслихат – жергілікті өзін-өзі басқару саласында маңызды рөл атқарады. Қоғамның сөзін айтып, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. 1994 жылдан бастап депутаттардан құралған жергілікті мәслихаттар атқарушы билікпен бірлесе қоғам өмірінде елеулі орын алып келеді. Осы уақыт

ішінде жергілікті депутаттар қиын да қызықты кезеңдерді бастарын өткізіп, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған көптеген бастамаларды көтеріп, оның орындалуына ықпал етіп келеді.

Салтанатты іс-шарамызға аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов, облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Қожағұлқызы Тойлыбаева, құқық қорғау органдарының басшылары, аудан әкімінің орынбасарлары, сонымен қатар облыс, аудан бойынша халық игілігіне қызмет еткен ардагер депутаттар, бөлім, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Мәслихаттың аппараты басшысы қызметін атқарған Битілеу Ертайұлы Медеу, Адандық мәслихаттың аппаратында қызметін атқарған Оңалбай Далабайұлы Бейсбаев, Аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Қанат Жаматаұлы Құдыраров, шақырылымның депутаты болған Гүлшат Аққалиқызы Рамазанова, шақырылымның депутаты болған Саят Қанатұлы Ткенбаев, Мәулен Бірлікұлы Сопаков, Айнагүл Қалиқанова-Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Алғыс хатымен және мәслихаттың 30 жылдық төс белгісімен марапатталды.

Ел мүддесі жолында атқарған еңбектері үшін-Хильниченко Александр Викторович, Серік Булатбекұлы Чуkenov, Айхан Ертылеуұлы Бимұратов, Ергали Байоразұлы Нугманов, Сәуле Рыспекқызы Құсмолданова-Жетісу облысы әкімінің Алғыс хатымен және мәслихаттың 30 жылдық төс белгісімен, 3,4,5,6 шақырылымның депутаты болған Қосан Садықұлы Досанов, 2,3,4,5,6 шақырылымның депутаты болған Серік Маманұлы Сарыев, 2,3,4 шақырылымның депутаты болған Ерол Мұратжанұлы Төлегенов, 3,4 шақырылымның депутаты болған Мұрат Батырханұлы Әмірхалықов, 4,5 шақырылымның депутаты болған Решат Абдуллин, 5,6 шақырылымның депутаты болған Мәлік Әбілмайынұлы Қарасаев, 5 шақырылымның депутаты болған Ғалия Нүсіпқызы Мақыпбекова, 6 шақырылымның депутаты болған Әбен Бейсейітұлы Тайжанов, 4 шақырылымның депутаты болған Бижаырал Бекенқызы Құлбекова, 4 шақырылымның депутаты болған Ернарар Айтқалиұлы Абдрашев - мәслихаттың 30 жылдық төс белгісімен, Қалабек Тастанбайұлы Тастанбаев, Қуат Майнұрұлы Алпысбаев- Жетісу об-

лысы мәслихатының Алғыс хатымен, Айдын Қасымұлы Дюсенов, Үміт Бақтыбекқызы Тортаева, Раушан Білісбекқызы Мейрбекова, Төлеген Әділбекұлы Иманғалиев-Жетісу облысы мәслихатының Құрмет грамотасымен және мәслихаттың 30 жылдық төс белгісімен, 5 шақырылымның депутаты болған Жанатбек Садуақасұлы Сарғалдақов, 6 шақырылымның депутаты болған Роза Мұхаметқызы Ибраева, 6,7 шақырылымның депутаты болған Дәулет Садырұлы Идрисов, 5,6 шақырылымның депутаты болған Алмас Құдайбергенұлы Шаихов, 6 шақырылымның депутаты болған Әлішер Берікұлы Кеңесов, Гүлмира Мұхаметқалиқызы Жансейітова- мәслихаттың 30 жылдық төс белгісімен, Айдын Талғатұлы Құрманғалиев, Серікболсын Оразбайұлы Оразақынов, Адандық мәслихаттың аппараты басшысы қызметін атқарған Битілеу Ертайұлы Медеу, Адандық мәслихаттың аппаратында қызметін атқарған Оңалбай Далабайұлы Бейсбаев, Аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Қанат Жаматаұлы Құдыраров, шақырылымның депутаты болған Гүлшат Аққалиқызы Рамазанова, шақырылымның депутаты болған Саят Қанатұлы Ткенбаев, Мәулен Бірлікұлы Сопаков, Айнагүл Қалиқанова-Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Алғыс хатымен және мәслихаттың 30 жылдық төс белгісімен марапатталды.

Еліміз 30 жылдан артық ішінде демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекетке айналды. Қазақстан мемлекеттік құрылыс пен басқаруды дамытуда да белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді. Қолданыстағы Конституцияға сәйкес мемлекетімізде халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетінше шешуін қамтамасыз ететін өзін-өзі басқару жүйесі танылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей, сондай-ақ мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Болашақта халқымыз берекелі мен бірлікте алаңсыз еңбек етіп, тыныштықта өмір сүріп, бейбітшіліктің арқасында ел экономикасы қарқынды дамып, дамыған елдермен іргелес тұруға бірлесіп қол жеткізейік.

Дара Дана



# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ



Жетісу облысында биылғы жылдың он бір айында негізгі индикаторлар бойынша жоспар орындалды. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 112,3% құрады. Бұл туралы бүгін Астана қаласында ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифинг барысында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Әңір басшысының айтуынша, салалар бойынша ауыл шаруашылығындағы өсім – 3,7% немесе 405,3 млрд. теңге, өнеркәсіпте – 3,6% немесе 310,5 млрд. теңге,

тұрғын үйді пайдалануға беру 4,4%-ды құрады немесе 283,7 мың ш.м., құрылыс жұмыстарының көлемі 1,4 есеге, сауда көлемі 1,3 есеге ұлғайды. - Жыл басынан бері облыс экономикасына 38% өсіммен 396 млрд. теңге инвестиция тартылды, оның ішінде жеке инвестициялар – 291 млрд. теңге. Жалпы мемлекеттік бюджетке 286 млрд. теңге түсті, оның ішінде жергілікті бюджет 1,6 есе өсіп, 106 млрд. теңгеге жетті, - деді Бейбіт Исабаев. Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

# ЖЕТИСУДА ӘЛЕУМЕТТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖАҢАРТУ ДЕҢГЕЙІ 50%-ҒА ЖЕТТІ



Жетісу облысы құрылғаннан бері жөндеу мен жаңа құрылыс жүргізудің арқасында объектілерді жаңарту 50%-ға жетті. Мысалы, білім беру саласында 5310 орынды 15 жаңа мектеп пайдалануға беріліп, 19 нысан күрделі жөндеуден өтті. Ал денсаулық сақтау саласында 98 нысан іске қосылды. Бұл туралы бүгін ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев өз баяндамасында әлеуметтік инфрақұрылымдарды жақсартудың жай-күйіне тоқталды. Оның айтуынша, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының аясында 2023 жылы басталған 1800 орынды 2 мектептің біреуі биыл қолданысқа берілсе, екіншісінің құрылысы келесі жылы да жалғасады. Жалпы 2025 жылы 7 мектеп салу жоспарланған. Соның нәтижесінде жөндеуге жататын 95 мектептің 38-і немесе 40%-ы жаңартылады.

Ал денсаулық сақтау саласында соңғы үш жылда 98 нысан пайдалануға берілсе, соның 31-і жаңадан салынған, 61 блокты-модульді медициналық кешендер орнатылып, 6 нысан күрделі жөндеуден өтті. Биылғы жылдың өзінде 51 нысан бой көтерген, соның 25-і жаңа құрылыс, 26-сы – блокты-модульді конструкция. – Айта кету керек, біздің облыс блокты-модульді

медициналық кешендерді орнату тәжірибесін алғашқылардың бірі болып кеңінен қолдана бастады. Келесі жылы тағы 69 нысанды қолданысқа беру жоспарлануда. Қабылданған шаралардың нәтижесінде облыста жөндеуге жататын 292 денсаулық сақтау нысанының 167-і немесе 57,2% жаңартылады, - деді Б. Исабаев.

Мәдениет саласында 2022-2024 жылдары 12 мәдениет үйі пайдалануға беріліп, 10 нысан күрделі жөндеуден өткен. Келесі жылы тағы 7 нысан пайдалануға беріліп, жаңару деңгейі 33,3%-ға жетеді.

Ал спорт саласына келсек, облыс әкімінің мәліметінше, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері спорт кешендері, күрес залдары, стадион сияқты жалпы 18 нысан іске қосылып, 10 блокты-модульді спорт кешені орнатылды. Сонымен қатар Талдықорғанда Қазақстанда баламасы жоқ «Жетісу» волейбол орталығы және инвестор есебінен спортшыларға арнап салынған төрт қабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Оған қоса жақында инвестордың қаржысына Устел теннис орталығы ашылды.

- Соның нәтижесінде нысандардың 74,4% жаңартылып, халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 1000 адамға шаққанда 64%-ға жетті, - деді өз сөзінде облыс әкімі.

Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



# ҰСТАЗ- ҰЛЫҚ ЕМЕС, ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

Кешегі желтоқсанның ызғарын көріп, бүгінгі халықтың қамын ойлаған депутат мерейлі 60 жасқа толып отыр.

1986 жылғы желтоқсанның 17-18 жұлдызы қазақ тарихында мәңгі ұмытылмас күндер болып қала бермек. Ел мен ұлттың тәуелсіздік құқығын қорғау үшін бас көтерген желтоқсандық жігіттер мен қыздардың бұл қадамы шын мәніндегі баға жетпес ерлік. Желтоқсан көтерілісі - 1986 жылы желтоқсанда Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, өміршіл-өкімішіл жүйесіне қарсы шыққан ұлт-азаттық көтерілісі ретінде тарихта қалды. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға. Қазақ жастарының сол жолғы басырауына және Қазақстанның тәуелсіздік жолында жасаған маңызды қадамдарының бірі болды. Бүгінгі мақалама арқау болып отырған кейіпкеріміз жастығының жасына қарамай, елі үшін, жері үшін, біздердің болашағымыз үшін батыл қадамға барған, қайсар қыз, әдемі жар, аяулы ана, ардақты әже-Үміт Бақтыбекқызы Тортаева.

- Үміт Бақтыбекқызы, сіз желтоқсанның ардагерісіз, мәслихат депутатысыз, ұстазсыз! Сіз арқалаған ұстаз маманы ұғымына тоқталсаңыз? - Ұстаз-қашанда ұстаз. Мәні мен мағынасы терең, баға жетпес құндылық. Ұстаздық ұғымды бір сөзбен айту мүмкін емес. Жазсақ жазарымыз таусылмай, айтсақ өңгімеміз аяқталмай қалады - ау. Мамандығым - мақтанышым. Маған осындай мамандықты оқытқан ата-анама разымын. Ұстаздық әңбегім мен халыққа қызмет ету жолындағы ерен еңбегім мен үшін ұлы қызмет.

- Бүгінгі ұстаздардың ерен-еңбегіне тоқталсаңыз... - «Ұстаз болу - жүректің батырлығы» деп Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, кәсіби байқауларға қатысып, заманауи біліммен қаруланған, өзінің бәсекеге қабілетті екендігін дәлелдеп жүрген ұстаздардың еңбегі - нағыз ерлік. Олар ештеңеден қорқпайды.

- Тәжірибеде қандай әдістерді жиі қолданасыз? - Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту - заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

- Сондықтан мен өзімнің ұстаздық міндетімде инновациялық білім беру технологиясын қолданумен келемін. Бүгінгі білім бәсекелесі заманында шәкірттеріміздің биіктен көрінуіне күнделікті ісімдегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеліміз арқылы қол жеткіземіз. Мұғалім заман ағымына сай өз білімін жетілдіру арқылы мектепке жаңалық әкелуі қажет.

Халық биліктің қайнар көзі. Яғни, жергілікті өзін-өзі басқару арқылы тұрғындар өздері дауыс беріп, қалаған адамын сайлайды. Депутатты халық таңдайды. Ол халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та соңғы Жолдауында халықтың жергілікті билікке сенімін нығайту үшін мәслихаттың ықпалын күшейтуді тапсырды.

Депутат - бұқара мен биліктің арасындағы алтын көпір. Қай жерде не мәселе бар, оның шешілу жолдарына ұсыныс беруші. Олар мемлекеттік бағдарламаларды насихаттайды, аудандық комиссияның құрамында жұмыс жасайды. Ұзын сөздің қысқасы, депутат атқарушы органмен елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын шешуге бірлесіп атсалысатын тұлға.

Үміт Бақтыбековна 1964жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы Кенен ауылында дүниеге келді. Мектепті 1982жылы үздік бітіріп, сол жылы жолдамамен Алматы

педагогикалық шет тілдер институтына түскен. 1987жылы институтты аяқтап, еңбек жолын Кербұлақ ауданындағы «Бостан» атты орта мектепте 1987жылдан 1993жылға дейін ұстаздық еткен. 1993 жылы отбасылық жағдайда байланысты Ескелді ауданы Бактыбай ауылына қоныс аударған. Қазіргі таңда Сейфуллин атындағы орта мектепте шет тілі пәнінің мұғалімі. Бактыбай ауылының келіні. 4 баланың анасы, 10 немеренің ардақты әжесі! Республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің мүшесі. Жетісу облысы бойынша Республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестік филиалының төрағасы болып тіркелді.

- Мәслихаттардың рөлі артып, жұмысы жанданғаннан қарапайым халыққа қандай пайда бар? - Еуропа елдеріне, қалаларына, ауылдық елді мекендеріне барғандар біледі, олардың әл-ауқаты, ондағы барлық әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының тиімді жұмысына таң қалмау мүмкін емес. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап осы еуропалық қалалар мен ауылдарда әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салу және пайдалануға беру, абаттандыру бойынша барлық жұмыс жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді орандарының жетекшілігімен және олардың білгір депутаттарының белсенді қатысуымен жергілікті жерлерде жүргізіліп келеді.

Ендеше, бүгінгі таңда барлық мәслихат депутаты жаңғырған ел құру үшін өз алдында қандай жауапты және күрделі міндеттер тұрғанын барынша түсінуі керек. Біздің ұйым да осы бағытта аянбай еңбектенуде.

Жаңа Қазақстанды құру міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне сүйеніп, біздің елімізге қазіргі мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару жүйелерін білім негізіне көшіру, ал мәслихат депутаттарының қайраткерлік рухына көшуі кезек күттірмейді. Тоқетерін айтсам, депутат деген - бұл ең алдымен саптағы идеялы жауынгер. Ел қамы майданында беріспей шайқасатын айбарлы сарбаз, жауапкершіліктің ауыр жүгін арқалаған палуан. Меніңше, осыны түсінбей тұрып, құр статус пен мәртебеге ұмтылу ешкімге, ешқашан да абырой өпермек емес. Қалай дегенде де депутаттардың жеке басы табысқа жету идеясын елге пайда тигізіп, қызмет ету идеямен алмастыратын уақыт келді.

- Үміт Бақтыбекқызы, депутаттық салаңызға қатысты ұсынысыңыз қандай? - Халық сайлаған әрбір мәслихат депутаты төрағасынан бастап үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіне ауысуы, басқарушылық кеңес беру, тәлімгерлік, шетелдік тәжірибені зерделеу, жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару мәселелері бойынша жеке кітапханалар құру, үнемі жаңа білімді іздестіріп, өзіндік сыни және стратегиялық ойлауын, дүниетанымын, санасын және басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруы тиіс. Мәслихатшыларды үздіксіз оқыту және депутаттар қызметінің өзге де түрлерін сапалы іске асыру мәслихаттар



тарапынан бірқатар ұйымдастырушылық шарттарды қамтамасыз етуді қажет етеді. Мысалы, халықаралық стандартта «Депутат қызметін қамтамасыз ету» ұғымы екі бөліктен тұрады: біріншісінде депутат қызметінің түрі мен сипаттамасы айтылады, ал екінші бөлігінде белгілі бір қызмет түрін тиімді жүзеге асыруға қажетті шарттар, құралдар мен қаражатты қамтиды.

Жалпы, іс жүзінде әлі күнге дейін мәслихат депутатының тиімді қызметін қамтамасыз етудің төрт нысаны ажыратылады.

Алғашқысы - депутаттың қызметін құқықтық қамтамасыз ету. Оның жалпы мазмұны парламенттің, үкіметтің, уәкілетті министрліктердің, мәслихаттардың мәслихатшылар қызметін ұйымдастыру тәртібі мен қызметін реттейтін қажетті құқықтық актілерді уақытылы қабылдауы, тиісті заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою мақсатында заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтыруларды шұғыл енгізіп отыру.

Екіншісі - депутаттың қызметін ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз ету. Мәлім болғандай, мәслихат пен мәслихатшының жұмысы ұйымдастыру жоспарлары бойынша бір жылға немесе алты айға бағдарланып жүзеге асырылады. Оның да мазмұны сол, мәслихат аппаратының және әрбір депутаттың ұйымдастыру жоспарларындағы іс-шараларын іске асыру үшін барлық жағдайлар мен құралдарды алдын-ала дайындауы.

Үшіншісі - депутат қызметінің кәсібилігін қамтамасыз ету. Бұл мәслихат аппаратының депутатты кәсібилендіру шараларын уақытылы және сапалы жүзеге асыру үшін барлық жағдайлар мен құралдарды қамтамасыз етушілік.

Төртіншісі - депутаттың қызметін қаржылық қамтамасыз ету. Бұл депутат қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген тізбесі, сондай-ақ бұл мәслихаттың жұмысы мен өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін тиісті қызметінің барлық түрлеріне қажетті ақшалай шығындардың есебі болып табылады.

- Сіздіңше, жаңа тұрпаттағы депутат қандай болуы керек?!

- Меніңше, Жаңа Қазақстан мәслихатының әрбір депутатының бойында әлемдік кәсіби стандартқа сәйкес жұмыс істеу үшін мынадай қасиеттер болуы тиіс:

Біріншіден, коммуникативті қабілеттерге ие болуы керек. Яғни халықтың әртүрлі аудиторияларына, БАҚ-та бергілі бір тақырыпта өз ойын елгілі жеткізе білу, мазмұнды да мәнді сұхбаттар мен баспасөз конференцияларын беру, мемлекеттік тілге жеткізіп, барлық сайлаушылармен, ҰЕҰ өкілдерімен, мемлекеттік органдармен, бизнеспен, құқық қорғау органдары

мен сенімді қарым-қатынас орнату.

Екіншіден, ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы керек. Яғни сайлаушылардың өтініштерімен сын-ұсыныстарына жедел және уақытылы жауап беру, барлық маңызды мәселелерді жедел шешуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда тиісті органдарға сындарлы депутаттық ұсыныстармен, өтініштер және сұраныстармен жедел жүгіну.

Үшіншіден, сындарлы қабілеттерге ие болуы керек. Яғни облыста, аудан-қалада, тұрғындар арасында және БАҚ-та жоғары интеллектуалдық, адамгершілік беделге ие болуы, қажетті құқықтық, бюджеттік және қаржылық, психологиялық, саяси білімдер мен дағдыларға ие болуы шарт.

Ал ең соңғы және аса маңызды қасиет - ол депутаттың елге, жерге деген риясыз сүйіспеншілік сезімі, махаббаты дер едім.

- Қазір мәслихат өкілдері халықтың, сайлаушылардың мүддесін тиімді қорғап жүр ме? Халықтың тың жағдайына кіріп, ойларын түсінісе алады ма? - Мемлекет басшысының мәслихаттар алдына қойған «Жаңа Қазақстанның құрылысы» сынды жаңа міндеттемелері сайлаушылармен арадағы жұмысты қайта құру мен іс тәртібі, мәслихат өкілдерін кері шақырып алу институттарын енгізеді.

Сонымен, жаңа жағдайда мәслихаттар мен депутаттардың негізгі қызметі - өз аумағында сапалы әлеуметтік инфрақұрылымды, балабақшаларды, абаттандыруды, сауда нысандарын, жолдарды, кітапханаларды, мектептерді, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды салу мен жөндеуді ұйымдастырудан көрінбек. Алдағы уақытта елімізде көптеген әлеуметтік инфрақұрылым нысандары сайлаушылардың талабы мен жергілікті мемлекеттік бағдарламалар негізінде құрылатын болады. Дегенмен бұл өзгерістердің барлығы мәслихат өкілдерінің белсенді азаматтарды тарта отырып, тұрақты мониторинг пен бақылау жасау жауапкершілігін арттырады.

- «Депутат - халық пен билік арасындағы алтын көпір» - дейді. «Халық үніне құлақ асатын үкімет» жобасы бойынша

тұрғындар әлеуметтік желі арқылы да өтініштерін жеткізіп жатады. Халық пен билік арасындағы байланыс қандай?

- Депутаттар тарапынан жасалған іс-шараларды үнемі хабарлап отырамыз. Ауылдарды аралап халық ортасында боламыз, айтылған ұсыныс-өтініштерді атқарушы органға жеткіземіз. Келісіп жұмыстар жасалып жатыр. Оның үстіне әлеуметтік желі арқылы халық ашық пікірін білдіреді. Айтылған, жазылған мәселелер дер кезінде назарға алынады. Аудан әкімінің бақылауында. Кей жағдайларда берген ақпараттары шындыққа жанаспайды. Ол адамдардың түсінігіне байланысты.

- Осы уақыт ішінде депутаттық мандат сізге не берді немесе нені ұғындырды?

- Біріншіден, депутаттық мандат мен үшін атақ пен абырой емес, ол - халықтың аманаты. Екіншіден, мәслихатқа абырой жинау үшін емес, оны сақтау үшін келдім. «Адамға билік бер, сосын оның кім екенін білесің» дейді ғой. Өзімді осы жолда сынап, одан әрі шыңдағым келеді. Қаншама жыл осы саясаттың төңірегінде жүріп, партияда қызмет еттік. Дегенмен депутат болудың да өз ерекшелігі бар екен. Депутат - халықтың биліктегі сенімді өкілі. Сондықтан олар өздеріне артылған сенім жүгінің зор екендігін әрдайым естен шығармайды. Бүгінде біз халықтың игілігі жолында биліктің өзге буындарымен ынтымақтастықта, бүтін бір құрылым ретінде халыққа қызмет етудеміз. Бұл ретте мәслихат одан әрі шыңдалуыма және халықпен етене жұмыс жасаудағы тәжірибемнің артуына үлес қосуда. Қазіргі уақытта халықтың талап-тілегі қаншалықты өзгеріске депутаттардың жауапкершілік жүгі сонышалықты артты.

Сондықтан қала тұрғындарымен жиі кездесіп, толғандырып жүрген мәселелерінің шешімін табуға барынша атсалысып жүрмін. Менің түсінігімде депутат сөздің емес істің адамы болуы керек. Сайлаушы мен депутат арасындағы байланыс қоғамдық қабылдаулар арқылы орнайтындығы белгілі. Қазір жергілікті тұрғындар көбінесе әлеуметтік желілер арқылы мәселелерін көтеріп отырады. Барынша сол мәселенің оңтайлы шешілуіне атсалысамыз.

Үміт Тортаева, Тәуелсіздік мерекесімен қатар, мерейлі 60-жасқа толып отыр! Жасыңызға жас қосылып, жаңа жасыңызбен жақсылыққа толы ғұмырды отбасыңызбен бірге көруді Жаратқан нәсіп етсін демекпіз! Халық алдындағы ерен еңбегіңіз мың еселеніп қайтсын демекпіз.

Сұхбатыңызға рахмет!

Арай Әділ



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛУҒА ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ



«QazaqGaz Aimaq» АҚ ұсынады, немесе негізделген бас тарту шешімі шығарылады.

Табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес техникалық шарттарды беруден бас тартуға келесі жағдайларда жол беріледі:

реттелетін қызметтің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос және қолжетімді қуаттар, сыйымдылықтар, «QazaqGaz Aimaq» АҚ желілерінің орындары, өткізу қабілеттері болмаған жағдайда;

«QazaqGaz Aimaq» АҚ желілері немесе реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті өзге де мүлік болмаған жағдайда.

Қызмет көрсету мерзімі объектінің күрделілігіне байланысты: техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 5 жұмыс күні, күрделі объектілер үшін 10 жұмыс күні.

Жаңа функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Энергетика министрлігімен және «QazaqGaz Aimaq» АҚ бірлесіп іске асырылды.

Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз:

**«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы**  
**Жайнагүл Сейдахметова**  
**+7 778 602 26 26**  
**press@nitec.kz;**  
**www.nitec.kz**

## «ӨЗІНЕ-ӨЗІ» ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШЫ



Өзіңізге қажетті құжаттарды уақтыңызды құртып халыққа қызмет көрсету орталығына барудың қажеті жоқ. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бұрышы Жалғызағаш ауылдық округ әкімшілігі ішінде орналасқан. Округ тұрғындары келіп өз-өзіне қызмет көрсету бұрышын кез-келген уақытта пайдалануына болады. «Өзіне-өзі» қызмет көрсету бұрышы арқылы ез-келген мемлекеттік электрондық қызмет түрін тегін, әрі жылдам түрде ала-алады. Немесе ұялы мобильді байланыс телефоны арқылы eGov.kz қолданбасын жазып сол арқылы кез-келген қызмет түрін алу қолжетімді.

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

## ӘМСҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІНІҢ 81%-ЫН ТӨЛЕДІ



12 желтоқсандағы жағдай бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры клиникаларға 2 трлн 298 млрд теңге төлем жасады. Қазіргі уақытта қараша айы бойынша есеп айырысу жүргізілуде.

Қор Денсаулық сақтау министрлігінің бұрын медициналық ақпараттық жүйелерін жетілдіруге қатысты туындаған жағдайды ескеріп, медициналық ұйымдарды қаржыландыру барысы туралы тұрақты түрде есеп беруде.

«Қаңтар-мамыр айлары үшін медициналық қызметтердің ақысы толық көлемде, ал маусым-қазан айлары бойынша – 99% төленді. Қазір қараша айының қызметтеріне ақы төлеу жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы алғанда, жылдық қаржыландыру көлемінің 81%-ы төленді. 20 желтоқсанда желтоқсан айының авансын төлеу жоспарлануда, себебі айдың нақты қорытындысы әктілер тапсырылғаннан кейін, яғни қаңтарда белгілі болады», – деп мәлімдеді ӘМСҚ басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Естеріңізге сала кетейік, цифрландыру шараларына байланысты төлемдерде кідірістер орын алған болатын. Десе де Қор қабылдаған шаралардың нәтижесінде медициналық ұйымдар алдындағы 4 айлық берешек 1 айға дейін қысқарды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

## 81% ГОДОВОГО ОБЪЕМА ФИНАНСИРОВАНИЯ ВЫПЛАТИЛ ФСМС МЕДОРГАНИЗАЦИЯМ

По состоянию на 12 декабря Фонд социального медицинского страхования выплатил клиникам 2 трлн 298 млрд тенге. Сейчас производятся расчеты за ноябрь.

Фонд регулярно отчитывается о ходе финансирования медицинских организаций, учитывая ранее сложившуюся ситуацию из-за доработки медицинских информационных систем Министерства здравоохранения.

«Оплата медицинских услуг за январь-май произведена в полном объеме, с июня по октябрь – на 99%. Сейчас проводятся работы по оплате услуг ноября. В целом выплачен 81% от годового объема финансирования. 20 декабря планируется начать авансирование декабря, ведь фактические итоги месяца будут известны только в январе, после сдачи актов», – сообщила заместитель председателя правления ФСМС Индира Саркенова.

Напомним, ввиду проводимой цифровизации, оплата производилась с задержкой. Однако благодаря предпринимаемым мерам Фонда удалось сократить 4-месячную задолженность перед медорганизациями до 1 месяца.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд социального медицинского страхования»

## ПЕШТІ ЖЫЛЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Пешті жылыту кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу жылу беру кезеңіндегі өрттің тұрақты себебі болып табылады.

Пештерде өрттің жартысынан көбі қарттар тұратын үйлерде пайда болады. Бұған себеп тек өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу және көру мен есте сақтау қабілетінің нашарлығына байланысты. Өкінішке орай, қарт адамдар пештің жабдықтарын әрдайым үнемдей алмайды.

Мемлекеттік өртке қарсы қадағалау инспекторлары өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлерімен бірге жүйелі түрде пешті жылытуы бар тұрғын үйлерді тексеріп, меншік иелеріне тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау қажеттігін көрсетеді. Бірақ, көбінесе, зейнеткер өзінің қиын қаржылық жағдайына байланысты жөндеу жұмыстарын жүргізе алмайды. Ақаулы пештер жануды жалғастыруда. Ағып жатқан «ошақ» оттың ошағына айналады екен. Осыған байланысты келесі негізгі ережелерді сақтау ұсынылады:

- жылыту маусымы басталғанға дейін пештер мен түтін мұржаларын тазалау, жөндеу және әктеу, жарықтарды

жөндеу қажет;

- жылыту маусымы басталғанға дейін әр пеш, сондай-ақ үй ішіндегі қабырға түтін арналары, әсіресе шатырдағы мұржалар әктаспен немесе сазды ерітіндімен ақталып, ақ фонды сіз олардан өтіп жатқан түтіннен қара болып көрінетін жарықтарды көре аласыз;

- пеште, ағаш шатырлармен немесе едендермен төбелермен түйсетін жердегі мұржада кірпіштің қалыңдығы - кесу болуы керек. Пеш қабырғаларының қалыңдауы туралы ұмытпаңыз.

Жылыту пештерін қараусыз немесе кішкентай балалардың қарауында қалдыру өте қауіпті. Пештерді тұтандыру үшін тез тұтанатын және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.

-кез-келген пештің тәуелсіз іргетасы болуы керек және қабырғалардың бірінің бүкіл жазықтығын ағаш құрылымдармен жалғамасуы керек. Арасында ауа аралықты қалдыру керек – шегіну;

-от пешінің алдындағы ағаш еденде өлшемдері кемінде 50 70 см болатын металл (пешке дейінгі) парақты шеге-

леу керек;

-пештің қызып кетуіне жол бермеу үшін оны күніне 2-3 рет және бір жарым сағаттан артық емес қыздыру ұсынылады.

Ұйықтар алдында 3 сағат бұрын пешті тоқтату керек.

Мауэрлатта жарықтар пайда болмас үшін, мұржаны онда жиналатын күйеден мезгіл-мезгіл тазалап отыру керек.

Пешке заттарды және дымқыл отынды кептірмеңіз. Жиһаз, перделер жылыту пешінің массивінен кемінде жарты метр қашықтықта орналасқанына көз жеткізіңіз. Ешқандай жағдайда пешті от жағуға болмайтын ағашпен жылытуға болмайды. Өрт бөренелер арқылы сеніп, жақын маңдағы заттарға, еденге және қабырғаларға таралуы мүмкін. Жанғыш және жануы қиын құрылыс құрылымдары (қабырғалар, қалқалар, төбелер, арқалықтар) пештер мен мұржаларға іргелес жерлерде жанбайтын материалдардан кесуді қамтамасыз ету қажет. Өз ошағыңызға және жақын адамдарыңызға қамқор болыңыз!

Ескелді ауданы ТЖБ бөлімі

## ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА АДАМ ПАПИЛОММА ВИРУСЫНА ҚАРСЫ ЕКПЕ ЖАЛҒАСУДА



Жатыр мойны обырынан әйел адамдардың қайтыс болу дерегі жыл сайын көбейгеніне байланысты биыл адам папилома вирусына қарсы екпе ұлттық күнтізбеге енгізілді. Қыркүйек айынан басталған вакцинация әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында облыстың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Күнбасова және онкогинеколог дәрігер Қуаныш Ергембеков айтты берді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жатыр мойны обырларының 95%-ы АПВ-дан туындайды. Бұл аурудың алдын алудың тиімді әдісі - вакцинация. Вирусқа қарсы «Гардасил» вакцинасы 15 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді. Ол Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанды қоса есептегенде 135 елдің ұлттық имундау бағдарламаларына енгізілген.

Бүгінде Жетісу облысына вакцинаның 12 мың дозасы әкелінген.

Ол қыз балаларға екі кезең арқылы салынады. Қазіргі уақытта екпемен 3880 қыз бала қамтылды. Вакцинациядан кейін жағымсыз әсерлер тіркелген жоқ.

Айта кетейік, Жетісу облысында 600-ге жуық әйел адам жатыр мойны обырымен есепте тұр.

Оның ішінде ең жасы 24 жаста.

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ СЫРЫМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. Ескелді ауданының Сырымбет ауылдық округ әкімінің сайлауы 2025 жылғы 26 қаңтарға тағайындалсын.  
2. 2025 жылғы 26 қаңтарға тағайындалған Ескелді ауданының Сырымбет ауылдық округ әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі қосымшасына сәйкес бекітілсін.  
3. Осы қаулы Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет – парақшасында және «Жетісу шұғыласы» аудандық газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы

Р.Жексенбеков

Комиссия хатшысы

Д. Турдиева

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ СЫРЫМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

№ 106 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Сырымбет ауылы, Ескелді би көшесі, 60 А, «Ескелді ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі» МКҚК қарасты Сырымбет ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, тел. 8 (72836) 26116.  
Комиссия төрайымы - Бектуғанова Раушан Әбілмәжинқызы;  
Комиссия төрайымының орынбасары – Муханова Марал Дәулетқызы;  
Комиссия хатшысы – Жанталинова Динара Ақанқызы;  
Комиссия мүшелері: Артықбаева Айгүл Жантасқызы, Бекбосынова Арай Советханқызы, Керимбекова Сәуле Ахметқұлқызы, Рахметуллақызы Жадыра.

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізлімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізлімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі ([https://egov.kz/cms/ru/services/pass\\_sr11](https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11));
- 2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxatgear-search-web>);
- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі. Жағарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді. Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді. Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекеменшік мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс

күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған. Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастаушы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кенесесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде не тиісін алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған. Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль жою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Жетписбаев Куаныш АРМАНҒЫЛЫ, ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры**

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 52, Қарабұлақ ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, 8 (72836) 3-14-25.  
Комиссия төрағасы – Жексенбеков Рүстемхан Ануарханұлы;  
Комиссия төрағасының орынбасары – Исабаев Жанахмет Мырзахметұлы;  
Комиссия хатшысы – Турдиева Диляра Баратовна;  
Комиссия мүшелері: Кыдырманова Гилена Равильевна, Бейсбаева Жазира  
Конустайқызы, Оспанова Шынар Күмісбекқызы, Айтбузинова Әдия Хафизқызы.

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Сырымбет ауылдық округі

№ 106 сайлау учаскесі  
Орталығы: Сырымбет ауылы, Ескелді би көшесі № 60 А, «Ескелді ауданы Әкімінің аудандық мәдениет үйі» МКҚК қарасты Сырымбет ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Сырымбет ауылы.

# ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!



С момента образования области Жетісу зарегистровано 26 фактов интернет мошенничества, что составляет 0,91% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (2871). 26 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам:

г.Талдықорган-17, Алакольский - 5, Ескельдинский - 2, Панфиловский – 1, Сарканский - 1.  
В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляют высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. Б. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, по скольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.
2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.
3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.
4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.
5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.
6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.
7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками
8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

**Д.К.ЖУЛУНОВ, Прокурор отдела ФПИ в головной сфере Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу**

# ЕҢБЕКТИҢ ДАНҚТЫ ТҰЛҒАСЫ

**Нұрмолда Алдабергеновтың туғанына 118 жыл толуына орай «Көркейткен еңбегімен туған елің, Нұр ата, қос жұлдызбен көкке өрледің. Өзіңді жүрегіне мәңгі сақтап, Келеді ұрпақтарың үмітті ақтап» - дей келе, ұрпағына өнегелі өміршең іс қалдырған, халқымыздың ардақ тұтар асыл азаматы Екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов 20 желтоқсан күні туғанына 118 жыл толады. Ол бар ғұмырын ел-жұртына тек адал қызмет істеумен өткен, жер мен нан қадірін, адам мен ар қасиетін жанымен ұққан, бастан кешкеніне бақылмын деп бас имеген, қайты өмірдің нәрің, тіршіліктің тынысын тек адал еңбектен ізденген тұлға. Ел үшін бел шешпей маңдай терін төккен адам.**

Еңбек адамға қанат бітіреді, ер атандырады, даңқты аспандатады, халқының қалаулысына айналдырады. Таза еңбектің, маңдай тер жемісін көрген тұлғалардың бірі Нұрмолда Алдабергеновтың жұлдызы жарық екенін, ішкі сырын айқындар болсақ: Бүгінгі таңда да экономиканың нағыз күре тамырына айналып отырған Түріксіб темір жолы қазақ даласына өмірдің жаңа бір нышандарын алып келсе, еңбекке құлшынған жас азаматтардың жаңа бір тың лебінің көш бсында Нұрмолда Алдабергенов жүрді. Білек күштері ойнаған, қазақ азаматтарына қолдарына сүймен, қайла, күреж ұстап, қол арбамен құм тасып, нағыз қайыстай қара жұмыскерге айналып кете барған Осы кезде Нұрмолда Алдабергенов бірден басшылардың назарына алынады. Түріксіб темір жолы Айнабұлақта түйіскенде, сондағы қызу істің бел ортасында Нұрмолда Алдабергенов та жүрді. Қазақтың марқасқасы Тұрар Рысқұлов Айнабұлақтағы темір жолдың салынып біту жиынында сөйлеген сөзінде Алдабергеновтың да атын атап сыйлық табыс етеді. Ұлы Отан соғыс жылдарында Балтық жағалауындағы елдерді фашистерден құтқаруда оқ пен отқа

оранды, жараланды, нағыз отансүйгіш патриот екенін дәлелдеді. Жеңіспен оралғаннан кейін 35 жыл бойы түн ұйқысын шайдай ашып, тыным таппай еліне адал қызмет етті.

Нұрмолда Алдабергенов мақсатына жеткенше тыным таппайтын еңбекқор, ар-намысқа, уәдеге, қайырымдылық атты рухани тәлімдерге бай тұлға болды. Ол Жер-ананың жоғары жауапкершілікпен, аянбай тер төккенде ғана рахатына жетуге болатынына кәміл сенді. Ауылына ашылып, дақылдарының, әсіресе қант қызылшасының өнімі еселеп, нәтижесінде даланы ерен еңбекке бөлеген ол бүкіл одаққа жайылды.

Нұрмолда Алдабергенов шет елдерде болған сапарларда өзінің ауқымды тәжірибесімен бөлісіп, олардан көрген өнегелерін қалт жібермей қабылдап, оны жергілікті ерекшеліктерге бейімдеп, батыл енгізіп отырған. Міне, осылайша мінезіне сіңген сабырлық, ұстамдылық арқасында халқының аса қадірлі азаматына айналды. Еліне деген ізгілікті іс-әрекеттері оның абырой асқарына көтерілуіне жол ашты. Ауыл академигі атанды. Өзі бастаған 20 Еңбек Ері атағына ие болды. Кеңес Одағы мен тыс елдерге де атағы кең тарады.

Нұрмолда Алдабергенов артынан өшпестей із қалдырды. Ол республикаға әйгілі мемлекет қайраткерлерімен араласып, көбімен достық қатынастың үлгісін көрсетті. Сырлас болған адамдар арасында атақты ақындар мен жазушылар да бар. Олардың көбісі Нұрмолда Алдабергенов туралы кітаптар жазып, оның іскерлік, адамгершілік қасиеттерін көпке паш



етті. Оның өзінің шешендігімен қатар, жазушылыққа тән қасиеттер бір бойынан табыла білген. Өз қолымен жазылған «Сталин атындағы колхоз» атты кітабы оқырмандар көзайымына айналса, ұлағатты сөздерінің өзі ел арасында бүгінде көптеп сақталып келеді.

Нұрмолда Алдабергеновтың бейнесі жылдар сайын асқар таудың шыңдарындай биікке, әрбір адамның қимас жақынына, тазалық пен имандылықтың символына, қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың біріне айналды. Халқымыздың тұлғалары ғаламат еңбек ерліктерімен есімі ел есінде мәңгі сақталып қалған Нұрмолда Алдабергеновтың жасамаз жақсылықтары жастарымыздың жақсы істерімен жалғаса берсін!

**Г.ШАЙМУХАНБЕТОВА, Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің меңгерушісі**

жауап қайтаратының бәрі сенің бойыңдағы көрегенділігіңнен болу керек дейтін. Бәрін ақылға салып ой-елегіңнен өткізіп жаманын жасырып, жақсысын асыру деген сөз. Әр үйдің өз ережесі, ұстанатын талаптары болады соны ақырын жүріп өз бойыңа, ойыңа тую деп айтатын.

Апамның бұлай деп айтуы көрегенділігінің, өмірден жиған тәжірибесі. Өзі мектепте қырық жылға жуық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болған. Бес ұл бір қызды дүниеге әкелген. Атам екеуінің естеліктерін де арасында айтатын. Біз немерелері атамды көрмедік өмірден ерте кеткен екен. Апам өзі салмақты, момын болатын жымиып қана күлімдеп отыратын. Үш атадан тараған үлкен әулеттің балалары осы апамды құрметтеп, қадірлеп әр мейрам, туған күн сайын жиналып отыратын. Суретке көп түсетін кейін мені еске алып отырарсыңдар деп. Сексеннің сергелдеңінен өтіп, тоқсанға аяқ басар шағында ешкімге ауыртпалық салмай жан апам жарқын бейнесін жүрек төріне қалдырып өмірден озып кете барды...

Қазір жақсы жар болып, бала тәрбиелеп, сыйлы болып жүргенімде осы санама сіңірілген ақылдан деп білемін. Жекеменшік немере қызыңыз сізді ұмытпайды.

Апамның айтқаны мәңгі жүрегімде сақталады.

**АЙЖАН БЕКЕЖАНҚЫЗЫ, Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

# КІТАП ТАЛҚЫ



Жоба аясында желтоқсан күні Көкжазық ауылдық кітапханасында «Кітап талқы» жобасы аясында «Тез ойла» атты тәрбие сағаты өткізілді. Жобаның мақсаты: жас оқырмандарымыздың ойлау, сөйлеу, мазмұндау өзіндік ой-пікірін айта алуға баулу. Жасөспірімдердің сөздік қорын дамыту, тез ойлау, талдай білу қасиеттерін дамыту. Аталған жоба алдағы жыл бойына жас оқырмандарымызға қызықты шығармаларды ұсынады деп сенеміз.

Мәрия САНДУГАШҚЫЗЫ, Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы

## НАВАРЛАНДЫРУ

**Тұрғындардың назарына!** Қайнарлы ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсететінін хабарлаймыз. Олар:

1. Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру
  2. Сауда-сатық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді таллап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.
  3. Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.
  4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру
  5. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»
- Аталған мемлекеттік қызметтер электрондық лицензиялау порталы арқылы көрсетіледі. Сондай-ақ, Қайнарлы ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында қажетті ұйымдастыру техникасымен және Мемлекеттік қызмет көрсету ережелері орналастырылған ақпараттық стендпен жабдықталған электрондық өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар екенін хабарлаймыз

**Вниманию жителей!** Доводим до Вашего сведения, что Аппарат акима Кайнарлинского сельского округа оказывает 5 видов государственных услуг.

- Такие как :
1. Предоставление земельного участка из земель поселка, села.
  2. Выдача решения на изменение целевого назначения.
  3. Приобретение прав на земельный участок, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведение торгов (аукционов)
  4. Постановка на очередь на получение земельного участка
  5. Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку»
- Данные государственные услуги оказываются через портал Электронного лицензирования. Также сообщаем что в здании акимата Кайнарлинского сельского округа имеется Уголок электронного самообслуживания оснащенный необходимой оргтехникой и информационным стендом, на котором размещены правила оказания государственных услуг.

**Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2025 год!**

**Наш ИНДЕКС:**  
 Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535  
 Сумма подписки:  
 Физ.лицо:  
 год - 5075,20тг  
 Юр.лицо:  
 год - 6011,20 тг

**ПОДПИШИСЬ НА НАС!**  
 Подписчикам при публикации предоставляются скидки!  
 Наш электронный адрес:  
 eskeldi\_eli@mail.ru

# АПАМНЫҢ АҚЫЛЫ



**Перзент үні Бала кезде ата-апаңа еркелеп өскенге не жетсін! Ыстық алақанымен маңдайыңнан сипап, иіскеп бар жақсыны саған арнайтын даналардан тәрбие алып өсуде бір ғанибет қой.**

Студент кезде ауылға бара сала апамның үйіне асығып амандасуға жүгіретінмін. Есіктен кіре менің қызым келіпті ғой деп құшақтап, иіскеп, хел сұрасып арқамнан қағатын. Кел отыр, ал әңгіменді айт сабағың қалай, қандай мұғалім сабақ береді, жатақханада қанша қыз тұрасыңдар? - деп әңгімені ербітетінбіз. Оқуды бітіріп, жұмысқа тұрдым кейін тұрмысқа шығатын болдым.

Қыз деген жат жұрттық, барған жерінде бағың ашылсын деп

ақ батасын беріп мені ұзатып салды. Төркіндетіп барғанда да бірінші апам жүгіретінмін. Арнайы апамды іздеп барамын. Өйткені әрбір айтатын сөзі, әңгімесі, ақылы менің ішкі жан дүниемді тебіренітіп, санама да қалатын. Сол айтылған сөздері ереже іспетті еді. Тұрмыстық өмірде ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды, барлығына байыппен қарап, ақылмен шеш. Төркінің күйеуіңіз келуші болма есінде болсын деп ескертіп отыратын. Бала тәрбиесіне аса мән беріп, әр нәрсеге жауапкершілікпен қара. Барған жерінде өзіңнің текті жерден шыққаныңды көрсет, біліміңді пайдалан дейтін. Ол дегенің үлкеннің алдына шығып мен бәрін білемін деп көкірек керу емес. Мен ішкенім алдымда, ішпегенім артымда болған деп менсінбей қарау емес, ауыз менікі екен деп лап еткізу емес, тек барған жерінде емес араласатын ортаңда, айналаңдағы араласатын адамдарға да қалай сөйлеп,

**Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.** Редакцияның телефоны 3-19-15

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru** Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және даму комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1130 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ